

Ерболат ХУСАИНОВ,  
Ақмола облысы  
Полиция  
департаменті  
Жергілікті полиция  
қызметі басқармасы  
бастығының  
орынбасары:



«Халықтың  
сауатын  
көтеру - қылмыстың  
азаяуына сен»

5-БЕТ

Ақтау - қуатты өңірлер  
қатарында



6-БЕТ

Қастеев мұрасы -  
мәңгі өлмес қазына



8-БЕТ



• КЕЛБЕТ

# ЗАҢ

ZANMEDIA.KZ

✉ zangazet@mail.ru

№30 (3659)  
23 сәуір 2024



# газеті

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

## ЗАҢ САЛАСЫНЫҢ МАЙТАЛМАНЫ

Көңілі - көл-дария, көкірегі ояу, ақылы кемел, жүрегі жомарт Сәкен Жүсіпахметұлы бүгінде 60 жастың асқарына шығып отыр.

Туған еліне деген сүйіспеншілігі зор, ұлт дегенде тау қопарар Сәкеннің бойынан әлі де талай биікті бағындырар жігер байқалады. Қойнауына құт қонған, жеріне киіп дарыған Оңтүстік Қазақстан өңірі осындай асыл азаматтарымен асқақ, білікті мамандарымен биік болса керек. Сәкенді арайлы алпысымен құттықтай отырып, ол туралы біршама ойларымды ортаға салуды жөн көрдім.

Жалпы әр адам үшін ата-ананың берген тәрбиесі өмір бойы азық деген сөз рас екен! Сәкеннің әкесі Жүсіпахмет Әшімұлының 1958 жылы ҚазМУ-ді бітіргеннен кейін Қоқшетау облысының прокуратура органдарына бөлінуі – оның келешекте мамандық таңдауына шешуші әсер етті. Жөкең ағамыз сол жылдары көптеген прокуратура қызметкерлерімен қатар жұмыс істеп, олардың ішінде Қазақ КСР-нің болашақ прокуроры Ғалым Бажымұлы Елемесовпен үзеңгілес, дос болғаны, өз ортасында абыройлы болғаны баршамызға аян.

Жүсіпахмет Абдуллаев ағамыз Оңтүстік Қазақстан өлкелік милициясының тергеу бөлімін басқарып, ҚазКСР ПМ-нің Үздік тергеушісі болған адам. Сәкен Жөкеңнің қызметке деген кіршіксіз адалдығы, елдің қамын ойлаған еңбекқорлығы дарыса, аяулы анасы Күләш апамыздан оған адамдарға деген жылылық пен мейірімі, жанашырлығы мен шынайы сүйіспеншілігі ана сүтімен сіңген деп айтуға болады.

Сәкен Абдолла заң саласында үнемі келелі істердің басында жүрген адам. Тула бойына байыптылық пен байсалдылық тұнған, жүрегіне парасат қонақтаған азаматты еліміздің заң қауымдастығы жақсы біледі әрі құрмет тұтады. Әр ісі толымды нәтижеге ұласқан осынау абзал жанды үлкенге де, кішіге де сыйлы еткен таза ниеті, өзім дегенге аңқылдаған көңілі мен жанжақты білімі дер едім.

Сәкеннің рухани білімділігі жөнінде сағаттап айтуға болады. Бірақ та осы жүрекжарды кішігірім мақала аясында біршама шектелуге де мәжбүрмін. Жанжақты білім дегеннен шығады, «Болар бала бесікте бұлқынады» дегендей, Сәкен мектепте жүргеннен-ақ озып, үлгілі тәртібімен ұстаздар қауымының назарын аударды.

(Соңы 2-бетте)

(Соңы 3-бетте)

• БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

## «МАСС-МЕДИА ТУРАЛЫ» ЗАҢ: журналистердің кедергісіз жұмыс істеуіне жол аша ма?



Алдағы уақытта желілік басылымдар мен ақпараттық агенттіктер «интернет-басылым» деген бірінші ұғымға біріктірілетін болды. Енді осындай атау иеленген басылымдар барлық дәстүрлі БАҚ сияқты міндетті түрде есепке қойыламын. Қоғам арасында қызу талқыланып, әртүрлі пікірге өзек болған бұл мәселе Парламент Мәжілісінің жалпы отырысында мақұлданған «Масс-медиа туралы» және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Масс-медиа мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобаларында осылай шешімін тапты.

(Соңы 2-бетте)

(Соңы 3-бетте)

• ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ

## ЖАЙЫҚ АРНАСЫНАН АСТЫ

Жайық өзенінің жағасындағы жұрт біраздан бері төтенше жағдайға дайындық үстінде. Жан-жақтан жеткен көмекке, жанталаса жүргізілген дайындық шараларына қарамастан, 21 сәуірде түстен кейін Жайықтағы су деңгейі көтеріліп, Орал қаласының маңындағы саяжай аумақтарын су баса бастады.



Қауіпті аймақты жіті бақылап отырған төтеншеліктер бірден оқиға орнына барып, құтқару жұмыстарына кірісті. Су басу қаупі жоғары бұл аумақтағы адамдар алдын ала эвакуацияланған еді. Алайда, жергілікті тұрғындар арасында үйлерінен өз еркімен кетулен бас тартқандар аз емес.

Жалаң қолмен тілсіз жауға қарсы тұруға болмайтынын тұрғындар әлі де жетік түсінбейтін болса керек. Саяжайға су келгенде ес таппай, қарғын судың астында қалғандарға төтеншеліктер дер кезінде қол ұшын созды. Қазір жергілікті полиция қызметкерлері де оқиға орнын жіті бақылауда.

Төтенше жағдайдан кейін Орал қаласының маңында орналасқан Космос және Комаров саяжайларындағы жергілікті тұрғындар шұғыл эвакуацияланды.

Соңғы деректерге сенсек, Орал қаласы маңындағы Жайық өзенінің деңгейі 852 сантиметрді құрап, қауіпті деңгейден (850 см) асқан. Батыс

Қазақстан облысы Төтенше жағдайлар департаментінің ресми өкілі Нұржан Төлеуші өңірдегі ахуал күрделі екенін айтып отыр.

– Қазіргі таңда жағдай күрделі. Өйткені Жайықтың су деңгейі әлі көтеріліп жатыр. «Қазгидрометтің» баяндауынша, қазіргі деңгейі 8 метр 62 сантиметрге жеткен. Жалпы қауіпті деңгей – 8 метр 50 сантиметр. Яғни, қауіпті деңгейден 12 сантиметр асып отыр, – деді ол орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифингте.

Нұржан Төлеуші 25-26 сәуір күндері жағдай ушыға түсуі мүмкін екенін алға тартты. «Біздің облыс бойынша қауіптің беті әлі де қайтқан жоқ. Су деңгейі әлі де көтеріледі деген болжам бар. Орал қаласының тұсында Жайық деңгейі 25-26 сәуірде 9,5 метрге баруы мүмкін», – деді ресми өкіл.

Осы жағдайға орай Вице-премьер Қанат Бозымбаев су тасқынымен күресу үшін Маңғыстау, Ақтөбе облыстарынан, Астана мен Алматыдан тағы 500 әскери қызметші мен құтқарушыны БҚО-ға жіберуді тапсырды. Оралға ТЖМ және Қорғаныс министрлігі бойынша 200 адам келіп, жұмысқа кірісіп кетті.

Айгүл АХМЕТОВА,  
«Заң газеті»

